

4. Портер М. Международная конкуренция: Конкурентные преимущества стран: Пер. с англ. - М.: Прогресс, 1994. С.82.
5. Фридлянов В.Н., Марушкина М.А. Интеграция инновационной сферы. // Экономист. 1996. №9. С.36-38.
6. Васильев Ю.П. Развитие инновационной деятельности в США, или как удвоить ВВП. М., 2005. С.12.
7. Б.Н.Кузык, Ю.В. Яковец. Россия – 2050. Стратегия инновационного прорыва. - М. «Экономика», 2005. С.211.

Қырғыз экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеру стратегиялық мақсатқа жету болашағы және оның жағдайы инновациялық сфераның дамуына негізделген. Қазіргі сатыда индустриалды мемлекеттерде әртүрлі қызмет салаларына жаңа технологиялық шешімдерді тиімді жүйесін өңдеу және енгізуге негізделген инновациялық экономикаға көшу жүруде. Бұл мақала экономикалық ортамен анықталатын жаңа инновациялық контурлар құруын сипаттайды.

Prospects for achieving the strategic objectives of improving the competitiveness of the Kyrgyz economy and its prosperity is based on the development of innovation sphere. At the present stage industrialized countries are experiencing a transition to an innovation economy, which is based on an effective system for developing and implementing new technology solutions in various spheres of activity. This article describes the formation of new, innovative outlines, which are determined mainly by the economic environment.

Ұ.Д. Берікболова

ИНТЕГРАЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУЫ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстандағы білім беру рыногының қалыптасуы мен қарқынды дамып келе жатқан жаһандану үдерісі отандық жоғары білім жүйесінің қызмет ету механизмінің экономикалық механизмі тұжырымдамасын қарастырып келген бұрынғы бағыттардың өзгеруіне алып келді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық бағыттарының өзгерісі Қазақстан экономикасындағы инновациялық өзгерістердің қарқыны мен жоғары білікті мамандарды даярлау тәжірибесінің арасындағы қарама-қайшылықты тудырды. Ол өз кезегінде, ЖОО қызмет етуінің әлеуметтік-экономикалық шарттары мен білім парадигмаларының өзгерісіне алып келді. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды көптеген ғалымдар жоғары кәсіптік білімнің жаңа стратегиясының өңделуі қажеттілігімен байланыстырады. Ол ЖОО білім беру қызметтері рыногындағы болып жатқан өзгерістер жағдайында бәсекеге қабілетті орнын қамтамасыз ете алуы тиіс. Сонымен бірге, Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы қазақстандық ЖОО отандық жоғары білімнің әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану жағдайындағы бәсекеге қабілеттілік мәселесін өзектендірді.

ЖОО бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның нақты сыртқы немесе ішкі рынокта бәсекелестік күрестен шыға алатын мамандар даярлауы; білім саласында бәсекеге қабілетті жаңалықтарды өңдеуі; өзінің қызметі барысында тиімді ұдайы өндірістік саясатын жүргізе алу қабілеті.

Қазақстанда жоғары білімнің әлеуметтік-экономикалық маңызы мен оның ғылыми-техникалық прогрестегі, қоғамның рухани өміріндегі рөлі жалпы танылғаны сөзсіз. Қазіргі таңда елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бәсекелестігі ғылым мен техника саласындағы бәсекелестікке алып келеді және соның салдары ретінде – білікті кадрларды даярлаудағы бәсекелестікке.

Рыноктық қатынастарға көшу барысында жоғары білім мекемелерінің саны артты, ол өңірлік және жалпы ұлттық рыноктардағы бәсекелестік күресті күшейтті. Қазақстандағы рыноктық қатынастардың дамуы жоғары білімнің қызымет ету жағдайын түбегейлі өзгертті. Ол жағдай сыртқы ортаның тұрақсыздығы мен анықсыздығы, жоғары мектепті бюджеттік қаржыландырудың жетіспеушілігі, білім беру қызметі рыногындағы бәсекелестіктің

күшеюімен байланысты. Осыған байланысты ЖОО алдында қаржылық жағдайын жеткілікті деңгейде ұстап тұру және тұрақты дамудың көздерін іздеу мәселесін тудырды. ЖОО бәсекеге қабілеттілігі көбіне оның заманауи білім беру қызметтерін көрсете алу қабілетімен байланысты. Мәселелерді шешу үшін ЖОО мен олар өндіретін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясын өңдеу мен жүзеге асыру қажет болды. Жоғары білім мекемесінің халықаралық өзара әрекеттестігі тиісті қызмет түрімен сауданы пайымдайтындықтан, қарастырылып отырған құбылысты Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымы белгілеген ережелер мен нормалар тұрғысынан қарау қажет. Қызметтер саудасы жөніндегі Бас келісім қызметтерді шет елдік тұтынушыларға жеткізудің төрт негізгі тәсілін анықтайды. Траншекаралық жеткізу қызмет көрсету кезінде жеткізуші мен тұтынушының шекараның түрлі жақтарында болуын білдіреді. Жоғары білімге қатысты ең алдымен, Интернет желісі арқылы, виртуальдық университеттер құру жолымен қашықтықтан оқыту қарастырылады. Қазіргі күні бұл бағыт Қазақстанда өзінің лайықты орнын алмғанымен, әрі қарай дамуда бұл бағыттың мүмкіндіктері зор деп санаймыз. Шет елде тұтыну қызмет тұтынушысының жеткізуші елге қарай ауысуын пайымдайды. Бұған жарқын мысал, студенттердің шет елдерде білім алуы бола алады. Қазіргі күні бұл бағытқа білім беру қызметінің әлемдік рыногының қомақты бөлігі тиесілі болып табылады. Студенттердің жағрафиялық шоғырлануы тұрғысынан халықаралық көшіп-қонудың екі түрін бөліп көрсете аламыз: вертикальды және горизонтальды. Вертикальды көшіп-қону дегеніміз студенттің бір ЖОО толығымен оқу курсы аяқтап, дәреже алып, ал келесі дәрежені алу үшін оқуға басқа елге баруын айтамыз. Горизонтальды көшіп-қону студенттің бір бағдарлама шеңберінде пәндердің бір бөлігін басқа елдің ЖОО оқуын білдіреді, әдетте ол бір семестрге тең уақыт 3 айды құрайды. Білім беру қызметін интерүлттандыру үдерісіндегі коммерциялық қатысу ЖОО филиалдарының немесе еншілес құрылымының басқа елде ашылуымен айқындалады. Жоғары білім саласындағы коммерциялық қатысуға мысал ретінде жергілікті институтпен франчайзингтік келісім-шарт жасасу бола алады. Бұл өабылдаушы елдегі шет елдік ЖОО қызметін реттеуші халықаралық ережелердің өңделуін талап ететін кешенді және күрделі тәсіл. Сонымен бірге, білім беру қызметтері саудасында қызығушылық танытып отырған және дамуы үшін үлкен мүмкіндіктері бар тәсіл болып табылады. Жеке тұлғалардың қатысуы қызметті жеткізушінің тұтынушының отанына орын ауыстыруын білдіреді. Қарастырылып отырған контексте ол оқытушылардың шет елдік ЖОО лекция оқуы бола алады.

ЖОО бәсекеге қабілеттілігін бағалаудағы негізгі бағыттар кез-келген шаруашылық субъектісінің бәсекелестік ортасын талдау қағидаларынан ерекшеленбейді. Бұл жағдайда біз үш деңгейді бөліп көрсете аламыз: ішкі орта, сыртқы микроорта және сыртқы макроорта. ЖОО бәсекелестік ортасын талдаудың негізгі бағыттарын төмендегі кестемен көрсетуге болады (1-кесте).

1-кесте

ЖОО бәсекелестік ортасын талдаудың негізгі бағыттары

№	Ішкі орта	Сыртқы микроорта	Сыртқы макроорта
1	ЖОО көрсететін білім қызмет талдау	Негізгі бәсекелес ЖОО талдау	Елдің әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларын талдау
2	ЖОО ішкі инфрақұрылымын талдау	Білім беру қызметтерін қазіргі тұтынушы және әлеуетті тұтынушыларды талдау	Елдің экономикалық жағдайын талдау
3	Профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-тәрбиелік персоналды талдау	Білікті жұмысшы күшін талдау	Елдің жағрафиялық ерекшеліктерін талдау
4	ЖОО имиджін талдау	Елді бірыңғай білім кеңістігі ретінде талдау	Елдің туристік тартымдылығын зерттеу
5	ЖОО қызмет етуінің қаржылық жағдайын талдау		
Дерек көзі [1] әдебиет негізінде автордың құрастыруы			

Білім беру қызметтерін талдауда ағылшын тілінде жүзеге асырылатын бағдарламалардың болуы маңызды болып табылады. Бұл шет елдік студенттерді тартудың қажетті шарты,

әсіресе оқытудың қысқа мерзімді уақытына тартудың. Қазіргі күні қазақстанда мұндай бағдарламалардың жетіспеушілігі айқын сезіледі. Сонымен бірге ЖОО түлектеріне қойылатын заманауи талаптарға оқу бағдарламаларының сәйкессіздігі де жиі кездеседі. Бұл ең алдымен, толық циклдарға қатысты. Студенттердің ескірген оқулықтармен және өндірісте қазір мүлдем қолданылмайтын жабдықтармен жұмыс істеуі ЖОО бәсекеге қабілеттілігін төмендететіндігі сөзсіз.

ЖОО ішкі инфрақұрылымын талдауға қатысты ақпараттық технологиялардың қолданылу деңгейін айтуға болады. Қазіргі жағдайларда компьютерлер мен Интернеттің қол жетімділігі студенттердің білім алуының нәтижелілігінің қажетті алғышарты болып табылады. Сонымен бірге кітапханалардың жағдайын да естен шығаруға болмайды. Мұнда ЖОО оқытатын барлық бағыттар бойынша шет тілдеріндегі кітаптар мен журналдардың болуы өте маңызды. Қазақстандық ЖОО келетін болсақ, қаржылық құралдардың жетіспеушілігіне байланысты компьютерлендіру деңгейі мен кітапханалардың жағдайы тиісті талаптарға әрдайым сай келе бермейді. Атап айтқанда, көптеген жағдайларда шет тіліндегі әдебиеттер жетіспейді, шет елдік студенттердің көзқарасы бойынша ол маңызды кемшілік болып табылады.

ЖОО нәтижелі интерұлттануы халықаралық бөлімнің шет елдік студенттерді тарту мен өзінің студенттерін шет елдерге оқуға жіберуге қатысты жұмыстары белсенді жүргізілуі тиіс. ЖОО халықаралық бәсекелестігінің төмендігі халықаралық бөлімнің белсенділігінің әлсіздігімен түсіндіріледі. Профессор-оқытушылар құрамының сапасы қандай да білім беру мекемесінің бәсекелестігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанда ЖОО оқытушылары көбіне өзінің түлектері болады. Сондықтан да кәсіптік дайындықтың деңгейінен болашақтағы оқыту деңгейі тәуелді болады. Қазақстандық оқытушылардың шет тілдерін меңгеру деңгейі төмен күйінде қалып отыр. Қазіргі күні қазақстандық ЖОО студенттер екі шет тілін жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік алып отыр, ол келешектегі оқытушылардың деңгейі де жоғары болады деген сөз.

ЖОО имиджін талдау студенттерді шет елдерден тарту мүмкіндіктерін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсетіп отырғандай [2], шет елдік студенттердің ЖОО таңдаудағы маңызды фактор бұрын осы ЖОО білім алған туғандарының, таныстарының, достарының ұсыныстары, лебіздері болып табылады. Қазақстандық ЖОО әлемдік танылу деңгейіне жете алмай отыр. Сондықтан да қазақстандық ЖОО халықаралық білім көрмелеріне қатысуы жөн деп санаймыз. Сонымен бірге, білім беру бағдарламаларын тұрақты түрде жетілдіру мен дамыту арқылы шет елдік студенттердің оң қатынасын қалыптастыру керек.

Қаржылық жағдайды талдау ЖОО қызметінің, атап айтқанда, оның интелектуалдымен байланысты, негізгі қаржылық көздерін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты білім мекемелерінің бюджеттік қаржыны бөлудегі дербестік мәселесі маңызды орын алады. Қазіргі күні ҚР «Білім туралы Заңына» сәйкес ЖОО кадрларды іріктеу мен орналастыру, қаржылық-шаруашылықтық қызметті жүргізу мәселесінде автономиялыққа ие болып табылады.

Сыртқы ортаны талдау жалпы алғанда ЖОО ұлттық білім беру жүйесіндегі орнын анықтауға, оның бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуші мүмкіндіктер мен қатерлерді айқындауға бағытталған. ЖОО сыртқы ортасының факторлары стандартты және келесілерге топтастырылған. Бәсекелестер. ЖОО бәсекелесі бір мемлекеттің шеңберінде елдегі барлық жоғары білім мекемелері бола алады [3]. Дегенмен де, олардың әрбіріне ұқсас оқу бағдарламаларын ұсынушы, салыстырмалы артықшылықтар мен кемшіліктерге ие бәсекелестерге баса назар аударуы қажет. Мысалы, біздің өңірімізге тоқталатын болсақ, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-інің басты бәсекелесі – «Болашақ» университеті болып табылады, өйткені олар бір облыс орталығында орналасқан, дайындайтын мамандықтар бағыттары ұқсас және өңірдегі беделі жағынан бір-біріне жақын ЖОО.

Тұтынушылар. Білім беру қызметінің әлеуетті тұтынушылары - абитуриенттер мен әлемдегі барлық студенттер. Нақты жағдайларда, әрине, басты назарды келешегі бар бағыттарға аударған жөн. Осылайша, Қазақстанның ЖОО білім алушы шет елдік студенттер негізінен Азия елдерінен шыққандар.

Жоғары білім жүйесінде біліктілігі жоғары жұмысшы күшінің болуын талдау, көптеген ЖОО персоналдық жағынан жетіспеушілік жағдайында жұмыс істеп келе жатқандығын көрсетеді. Оқытушылық қызметке ақы төмен, сондықтан да оқытушылық қызметпен айналысқысы келетіндер саны да аз. Бұл жерде бәсекелестік қабілеті жоғары мемлекеттік емес жеке ЖОО болып отыр, себебі олар көбіне ақылы негізде білім беру қызметін жүзеге асырады. Олар оқытушыларды жоғары еңбекақымен қамсыздандыру мүмкіндігіне ие болады.

Сыртқы микроортаны талдауда білім беру қызметін заңдық реттеу, атап айтқанда, шет елдік ЖОО отандық рынокқа енуіндегі кедергілер маңызды болып табылады. Қазіргі күні көптеген мемлекеттер өз рыноктарын лицензиялау мен аккредитациялау арқыры қорғауға тырысады. Сонда да, БСҰ аясында өткізілетін түрлі тарифтік емес кедергілерді либерализациялау мүмкіндігі шектеліп отыр. Кедергілердің төмендеуіне Еуропаның білім беру жүйелерінің жақындасуы жүзеге асатын Болон үдерісінің дамуы алып келеді.

Елдің білім кеңістігінің біртұтастық дәрежесін талдау да маңызды. Бұл жағдайда отандық жоғары мектептің сыртқы рыноктарға шығуын дамытатын ұйымдардың болуы, халықаралық білім бағдарламаларын қаржыландыруға мемлекеттің қатысуы интерұлттану үдерісіне қатысудың тиімділігін арттыру факторлары бола алады. Осы жерде біз ресей ғалымдары Н.И.Зверева мен Н.В.Пелихованың пікірімен келісеміз[3]: «ресейлік білім жүйесінің маңызды кемшіліктерінің бірі, оның өкілдерінің халықаралық білім беру қызметтері рыногында елдің мүдделерін қорғай аламуы болып табылады. Ол ЖОО сепаратизмі, Ресейдің өкілдіктерінің халықаралық білім беру ықзметтері рыногындағы ұйымдастырушылық механизмдері тиімділігінің төмендігі, жоғары білімді интерұлттандырудың бірыңғай мемлекеттік стратегиясының болмауы сияқты факторлармен байланысты». Ресейлік ғалымдардың айтқан пікірлері біздің елге қатысты да өзекті болады, себебі Қазақстан мен Ресейдің бұрынғы тарихтан және қазіргі кездегі жоғары білім жүйесінің даму қарқындары ұқсас болып келеді.

ЖОО сыртқы ортасын талдауда оның макроэкономикалық құрауыштарына тоқталған жөн. ЖОО макроортасы елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және жағрафиялық сипаттамасының жиынтығынан тұратынын ескере келе, олардың студенттің білім алуға таңдау жасауына ықпалының маңыздылығын айта кеткіміз келеді. Әлеуметтік-мәдени ортаны талдауда тіл бастапқы көрсеткіш болады. Зерттеулер көрсеткендей, білім алу үшін елді таңдауда ұлттық тіл маңызды сипаттама болады екен. Қазіргі жағдайларда, мәдениет аралық қатынастың тілі ағылшын тілі болғандықтан, әлемдегі білім беру қызметтерін жеткізуші елдер ағылшынтілді елдер болып отыр. Сондықтан да ағылшын тіліндегі оқу бағдарламаларын ұйымдастыру өте маңызды болып табылады. Сонымен бірге, білім арқылы ұлттық мәдениет таралатынын ұмытпаған жөн, сондықтан да шет елдік студентті оқытуда қабылдаушы елдің тілін үйретуді де басты назарда ұстау қажет. Қазақстанға келетін болсақ, тіл факторы Қазақстан үшін артықшылық та, кемшілік те бола алады. Бір жағынан Қазақстанды орыс тілінде сөйлейтін көптеген ұлттар мекендейді, бұл Қазақстанның ТМД кеңістігінде білім беру қызметтерін экспорттаушы ретіндегі артықшылығы болады. Екінші жағынан, орыс тілі әлемдегі қиын тілдердің қатарына жатса, қазақ тілі әлемдегі таралмаған тілдердің қатарына енеді.

Экономикалық жағдайды талдау. ОЭСР статистикасы студенттер білім алу елін таңдағанда, өз еліне қарағанда экономикалық даму деңгейі жоғары елдерді таңдайтынын көрсетеді [4]. Осыған байланысты ЖОО өз елімізге қарағанда экономикалық жағдайы төмен елдерден студенттер тартуға көңіл бөлген жөн. Бұл жерде Қазақстан үшін Азия ең тартымды өңір болып саналады, деп ойлаймыз. Сонымен бірге, көршілес жатқан Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан және Тәжікстан сияқты елдерге да назар аударған жөн.

Жағрафиялық, атап айтқанда, климаттық жағдайлар студенттің білім алу елін таңдауда маңызды орын алатын факторлардың бірі. Бір студенттерге жылы елдерде білім алған ұнаса, екіншілеріне суық елдер ұнайды. Сондықтан да шет елдік студенттерді тартуда еліміздің климаттық жағдайларындағы оң тұстарын насихаттау маңызды болып табылады. Жағрафиялық тұрғыдан алғанда, Қазақстан ерекше ел болып табылады. Оның аумағында

бірнеше климаттық белдеулер қатар орналасқан. Бұл жерде мысал ретінде, біз Финляндияның халықаралық білім рыногында өзін Санта Клаустың елі тұрғысынан жарнамалауы жақсы нәтиже беретіндігін атағымыз келеді. Шет елдерде білім алуға баратын студенттер үшін оқу мүмкіндігі саяхаттау мүмкіндігін ашады. Сондықтан да елдің туристік тартымдылығы мен тарихи-мәдени ескерткіштердің болуы маңызды рөл атқарады. Қазақстанның көптеген қалаларында мұндай ескерткішет көптеп саналады, сондықтан да ЖОО халықаралық бөлімдері шет елдік студенттер үшін экскурсияларды тұрақты түрде, қол жетімді етіп ұйымдастырғаны бәсекеге қабілеттілікке әсерін тигізеді деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, қазіргі таңда көптеген жоғары білім мекемелері өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында шет елдік студенттерді тарту немесе керісінше, өз студенттерін шет елдерге жіберу арқылы интерұлттандырудың мүмкіндіктерін қолдануға тырысуы заңдылық. Ішкі және сыртқы ортаны талдау көрсеткендей, ЖОО кезкелген басқа шаруашылық жүргізуші субъект сияқты өзінің ішкі және сыртқы тұстарын зерттеумен бірге, қызмет етудің сыртқы ортасын да ұмытпауы керек.

Қазақстанда білім алу мен өмір сүру құнының салыстырмалы түрде төмендігі, оның артықшылығы болуы тиіс. Сонымен бірге, қазақстандық ЖОО шет елдік студенттер үшін халықаралық бәсекеге толыққанды қатысуы үшін кешенді бағыт қажет. Оған бір жағынан, білім мекемелерінің өздерінің белсенді қызметі мен шет елдік студенттерге ұсынатын бағдарламалардың жоғары деңгейін қамсыздандыру, олардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар туғызу туралы сөз болып отыр. Екінші жағынан, шет елдік студенттерді тарту мен Қазақстанды жоғары білім саласындағы бәсекеге қабілетті ел ретінде имджін қалыптастыруда мемлекеттің мақсатты бағытталған саясатының өңделуі мен жүзеге асырылуы өте маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Котлер Ф. Основы маркетинга: Пер. с англ.- М.: Прогресс, 1991
2. Галушкина М. Экспорт образования // Эксперт.-2004.-№3.
3. Зверев Н.И., Пелихов Н.В. К вопросу о формировании приоритетного направления федеральной программы развития образования `Экспорт образовательных услуг России` // Вестник ЦМО МГУ. – 2002
4. ВанДузер Э., Холлидей Э. Международная торговля услугами и правила ее регулирования //Россия и международная торговая система - СПб.:Петрополис , 2000

Рассматриваются проблемы управления высшим учебным заведением. Анализируется содержание категории «конкурентоспособность вуза». Показано, что конкурентоспособность вуза определяется его адаптивностью, инновационностью и конкурентоспособностью оказываемых образовательных услуг.

The explain of a category of “competitiveness of high school” is given. It is shown, that competitiveness of high school is defined by its adaptability, innovation and competitiveness of rendered educational services.